

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2023 жылғы 12-14 сәуір аралығында Алматы қаласы, Қазақ спорт және туризм академиясының базасында өткізілетін «Дене шынықтыру, спорт, туризм, білім және ғылымды дамытудың басым ғылыми-педагогикалық бағыттары» форумына қатысуға шақырамыз.

Форум аясында бірыңғай мақсатпен байланысты 3 дербес іс-шара өткізу жоспарлануда: кәсіби ақпаратты жаңарту мәселелерін жүйелі түрде қарастыру және талқылау, дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру саласында мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру.

Форумның іс-шаралары:

- ✓ «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» I Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (12 сәуір, қосымша 1);
- ✓ «Кәсіби дайындықтың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел (13 сәуір). Дөңгелек үстел аясында келесі мәселелерді талқылау жоспарланған:
 - 1) Жоғары білікті спортшыларды даярлаудағы мамандардың жұмысы.
 - 2) Жоғары оқу орындарында кәсіптік даярлаудың өзекті мәселелері.
- ✓ Ғылыми жобалардың көрмесі.

Форумға дене шынықтыру және спорт саласындағы жетекші ғалымдар; жоғары оқу орындарының оқытушылары мен жас ғалымдары, магистранттар мен докторанттар; білім беру ұйымдарының әкімшіліктері, әдіскерлері мен педагогтары; қызмет көрсету саласындағы мамандар (мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі, туризм); Бастапқы әскери дайындық және әскери іс, бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі саласындағы мамандар қатысады.

Форум жұмысының қорытындысы бойынша «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты I Халықаралық

ғылыми-практикалық конференция материалдарының дербес басылымы жарияланады.

Форум қатысушыларын ақпараттық қолдау үшін келесі сілтеме бойынша сайт құрылды: <http://test.olymp-academ-edu.kz/01/index.html>

Қатысу үшін форум сайтында 02.04.2023 жылға дейін тіркелу қажет.

Жалпы форумға да, форумның жекелеген іс-шараларына да қатысуға рұқсат етіледі.

Форумды ұйымдастырушылар алғашқы сараптаманы және ғылыми материалдарды іріктеуді жүзеге асырады.

Жол ақысы, тұру және тамақтануға арналған шығындар іссапарға жіберетін тараптың есебінен жүзеге асырылады.

Қатысушылардың кездесуін ұйымдастыру қажет болған жағдайда, бұл туралы Ұйымдастыру комитетіне келгенге дейін 5 күн бұрын электрондық пошта немесе телефон арқылы хабарлауды сұраймыз (форум іс-шараларына қатысуға өтінімнің «Тақырып» жолында «Қаладан тыс қатысушылардың кездесуі» көрсетілуі қажет).

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Алматы қ., Абай даңғылы, 85

Форумның техникалық тобының жетекшісі Токарева Светлана Витальевна, e-mail science.kazastconference2023@gmail.com, Тел. +7 7714114716.

Кенжебекова Гулсин Уалиевна - 87077164322

Тукаева Арайлым Бекболатовна - 87072584246

«Дене шынықтыру, спорт, туризм, білім және ғылымды дамытудың басым ғылыми-педагогикалық негіздері» форумын өткізу туралы ақпараттық хатқа қосымша

I Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесіндегі өзекті мәселелер мен инновациялар» 12 сәуір 2023 ж.

Конференцияның мақсаты - дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудегі ғылыми зерттеулердің халықаралық тәжірибесі мен нәтижелерімен алмасу.

Конференция жұмысы келесі бағыттар (секциялар) бойынша ұйымдастырылады:

1. Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудегі кәсіби дайындықтың өзекті мәселелері.
2. Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудегі инновациялық технологиялар.
3. Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік мәселелері.
4. Қазіргі жағдайда білім беру және күнделікті іс-әрекеттің интеграциясын ескере отырып, әскери қызметшілерді даярлаудың өзекті мәселелері.
5. Білікті спортшыларды даярлаудың перспективалық бағыттары.
6. Спорт және туризм индустриясының менеджменті.
7. Сауықтыру және бейімдік дене шынықтыруды дамыту перспективалары.

Конференция регламенті: 7 минутқа дейін сөз сөйлеу.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысу форматы:

- ✓ мақала баяндамасымен және жариялануымен, оның ішінде online режимінде;
- ✓ мақаланы жарияламай баяндамамен, оның ішінде online режимінде де баяндама жасау;
- ✓ мақаланы жариялай отырып, баяндамасыз.

***КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫ АЯСЫНДА ӘР СЕКЦИЯДА
БАЯНДАМАШЫЛАР АРАСЫНДА ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ БАЯНДАМАҒА
КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!!!***

Конференцияда сөз сөйлеуге қойылатын талаптар

Баяндама дербес зерттеудің негізгі мазмұнын көрсетуі керек. Баяндаманың кіріспе бөлігінде зерттеудің мақсаты мен мәселелері ұсынылуы тиіс. Негізгі бөлімде зерттеудің теориялық және практикалық ережелері, қорытынды бөлімде, зерттеу мақсатына сәйкес қорытынды ұсынылуы тиіс. Баяндаманың ұзақтығы 7 минутқа дейін. Компьютерлік презентацияның болуы міндетті болып

табылады. Конференцияға қатысушылар қазылар алқасы мүшелері мен секция қатысушыларының сұрақтарына жауап береді.

Конференция қорытындысы бойынша кейінірек интернет желісінде және Қазақ спорт және туризм академиясының сайтында электрондық түрде ғылыми еңбектер жинағы жинақталады. Ұйымдастыру комитеті мақалалар мәтіндерінің өзіндік түпнұсқалығы 40%-дан төмен болмауы тиіс екендігіне назар аударады. Конференцияға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және авторлық редакцияда басылады. Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін және плагиаттан өтпеген жұмыстар жариялауға қабылданбайды.

Конференцияға қатысу үшін 2.04.2023 ж. дейін ғылыми форум сайтының сілтемесі бойынша өту қажет <http://test.olymp-academ-edu.kz/01/index.html>:

- ✓ конференцияға қатысуға өтінім нысанын толтыру;
- ✓ жарияланымға қатысқан жағдайда **мақала мәтінін рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес** ресімделген мақаланы ғылыми форум сайтының бетінде көрсетілген электрондық мекенжай бойынша жіберіңіз. Хаттың тақырыбы «Конференция қатысушы», форматтағы файл .doc немесе .docx баяндамашының фамилиясымен аталуы керек, мысалы, "Coller_state".

2.04.2023 ЖЫЛДАН KEЙІН ТҮСКЕН МАҚАЛАЛАР ЖАРИЯЛАНБАЙДЫ!

Конференцияға қатысушылар үшін ұйымдастырушылық жарна - 5000 теңге (немесе Ресей рублімен, АҚШ долларымен, еуромен).

Конференцияға қатысқаны үшін төлем ұйымдастыру жарнасын төлеу тәсілдері туралы толық ақпаратпен материалдарды қабылдау туралы хабарлама алғаннан кейін жүргізіледі. Төлемді аударған кезде «Конференция қатысушысы» деген белгі қою керек, сондай-ақ сіздің Т.А.Ә. көрсету керек.

Конференцияның жауапты орындаушысы Жидовинова Анна Вячеславовна

E-mail: science.kazastconference2023@gmail.com

Тел: 87073200954

Белегова Алия Аканбаевна – 8701 3228852

Конференцияға қатысуға байланысты барлық мәселелер бойынша конференцияның ұйымдастыру комитетіне электрондық мекенжай бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:
science.kazastconference2023@gmail.com

МАҚАЛА МӘТІНІН РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жариялауға бұрын басқа баспа немесе электрондық басылымдарда жарияланбаған түпнұсқа материалдар ғана қабылданады. Ұсынылатын мақала көлемі А4 форматындағы 3-6 бет. Материалдар .doc, .docx. форматта жіберіледі.

Барлық жағынан 2 см, парақтың ені бойынша туралау, тасымалдаусыз, Times New Roman шрифті, 12 кегль, жол аралығы – бір, абзац шегінісі мәтінде -1 см. Бет нөмірлері қойылмайды.

Жоғарғы оң жақ бұрышта - жарияланым ұсынылатын бөлімнің атауы.

Келесі жолда - мақаланың атауы **БАС ӘРІПТЕРМЕН**, қалың жазумен, ортасына туралау. Содан кейін - бір бос жолға шегініс.

Төменде - автордың тегі мен аты-жөні (қалың қаріппен), мәртебесі (магистрант, докторант және т.б.), кафедра мен факультеттің атауы, оқу орнының толық ресми атауы.

Төменде - бірлескен авторлардың тегі мен аты-жөні (қалың қаріппен), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, өзі ұсынатын ұйымның толық ресми атауы.

Әрбір мақалада білім алушыны қоса алғанда, авторлар саны 5-тен аспауы қажет.

Содан кейін - бір бос жолға шегініс жасау қажет.

Төменде - аңдатпа (100-200 белгі), тақырыпты қайталамауы керек, мақаланың мазмұнын, мәселелерді, зерттеу әдістерін, негізгі нәтижелерді нақты көрсетуі керек.

Сосын түйін сөздер 5-10 сөз жазу қажет.

Әрі қарай бір бос жолға шегінгеннен кейін мақаланың атауы ағылшын тілінде жазылу керек.

Әрі қарай, бір бос жолға шегінгеннен кейін мақаланың атауы ағылшын тілінде **БАС ӘРІПТЕРМЕН**, қалың жазумен, ортасына туралау, келесі жолда автордың және бірлескен авторлардың тегі мен аты-жөні ағылшын тілінде, бос жол арқылы аңдатпа (100-200 белгі) және ағылшын тіліндегі түйін сөздер. Әрі қарай, бір бос жолға шегінгеннен кейін мақаланың негізгі мәтіні.

Мақаланың міндетті бөлімдері: Өзектілігі; Зерттеуді ұйымдастыру және әдістері; Зерттеу нәтижелері; Қорытындылар; Әдебиеттер тізімі (мәтіндегі мақаланың бөлімдері қалың жазумен белгіленеді). Мақала мәтіндегі әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшада көрсетіледі [2], тізім мәтіндегі дереккөздер бойынша тізімделеді. Барлық тікелей дәйексөздер тырнақшаға алынуы керек және олар келтірілген дереккөздердегі беттердің нұсқауларын қамтуы керек [2, 103 б.] (әдебиеттер тізімінде дереккөздегі беттердің жалпы саны көрсетілген). Мәтінге суреттер мен кестелер енгізілуі мүмкін. Барлық суреттер мен кестелерде мәтінде көрсетілім, тақырып және реттік нөмір болуы керек.

Мәтіннің түпнұсқалығы 40%-дан төмен болмауы керек.

Ұсынылған мақала ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда редакциялық комиссия конференция жинағында жариялауға жұмысты қабылдамауға құқылы.

